

Г.М. Смагулова\*, Т.У. Белгибаев

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(E-mail: gylnara2005@mail.ru; timofei997@gmail.com)*

## **Азия елдеріндегі модернизациялық процестердің тарихына шолу**

Мақалада Азияның кейбір мемлекеттеріндегі модернизациялық процестердің жүру барысы, тарихи кезеңдері және нәтижелері қарастырылған. Жапониядан басқа Азия елдерінің Батыс Еуропа мемлекеттерінің отарлауында болғанына қарамастан, саяси модернизацияның арқасында тәуелсіздікке ие болғандары баяндалған. Сонымен бірге шет елдердің де білім беру саласы, ғылымды дамыту, заманауи кәсіпорындарды ашу, инновациялық технологияларды қолдану тәрізді тәжірибелерін қолдану арқылы және оларды ұлттық дәстүрлермен дұрыс үйлестірген Жапония, Қытай, Түркия, Үндістан және Сингапур мемлекеттеріндегі модернизациялық реформалардың нәтижелері көрсетілген. Мақала тақырыбының өзектілігі аталған елдерде жүргізілген модернизациялық реформалардың тарихи барысын қарастыру арқылы, олардың нәтижелері әлемнің басқа елдері, сонымен бірге Қазақстан үшін де маңызды екендігі анықталды. Авторлар Азия елдеріндегі модернизациялық процестердің тарихына шолу жасай отырып, модернизациялық процестердің мемлекеттің жан-жақты дамуы үшін маңызды екеніне назар аударған.

*Кілт сөздер:* модернизация, Азия елдері, отарлық саясат, реформалар, экономика, елдің дамуы.

### *Кіріспе*

Модернизация процестерінің мәселелері кез келген мемлекеттің даму жолында маңызды орын алады. Себебі мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени салаларының дамуы модернизация процестерімен өте тығыз байланысты. Сондықтан осы мақалада ХХ ғасырда Азияның Жапония, Қытай, Үндістан, Түркия, Сингапур тәрізді елдерінде жүргізілген модернизациялық процестердің тәжірибесін қарастыра отырып, олардан Қазақстан нені үлгі етіп алатындығын айқындауға талпындық. Өйткені Қазақстан да Азия мемлекеті. Қазір Қазақстанда да модернизациялық процестер жүріп жатыр. Сол себепті әлемдік тәжірибедегі модернизациялық процестердің тарихына шолу жасай отырып, кейбір елдердегі тәжірибенің Қазақстан үшін үлгі болатын ерекше тұстарына назар аудару маңызды.

### *Зерттеу әдістері*

Мақаланы жазу барысында жинақтау, өңдеу, анализ, синтез тәрізді жалпы ғылыми әдістер, сонымен бірге арнайы әдістер мен методологиялық принциптер басшылыққа алынды.

Зерттеу мәселесін қарастыру барысында Азияның Жапония, Қытай, Үндістан, Түркия тәрізді елдеріндегі модернизациялық процестердің тарихын түсінуде жүйелік-тарихи және құрылымдық-функционалдық әдістері қолданылды. Сонымен қатар қарастырылып отырған елдерде модернизациялық процестер барысында жүргізілген реформалардың бағыттары мен жүргізу әдістері әр түрлі болғандықтан объективті түрде қарастыру, салыстыру тәсілдері мақаланың өзегі болды. Тарихи шолу арқылы Азияның жекелеген елдеріндегі модернизациялық процестердің тәжірибесін түсіну үшін салыстырмалы және жүйелі сараптау әдісін де қолданылғанын атап өтуге болады.

### *Мәселені талқылау*

Азия елдерінің арасында модернизация жолына ертерек кіріскен *Жапония* мемлекеті. Осы мемлекеттегі модернизациялық процестер 1868 жылғы «Мэйдзи реформалары» кезінен бастап жүзеге асырылды. Бұл реформалар феодалдық топтарды биліктен алып тастаудан және еуропалық түрдегі реформаларды жүргізуден басталды. Реформалар төңкеріс пен құлдықты болдырмауға көмектесті, оқшаулануды тоқтатып, елді капиталистік даму жолына түсірді. Нәтижесінде Жапония — капиталистік жолмен дамыған бірінші азиялық елге айналды. Мемлекет феодалдық артта қалушылықты тез арада жеңіп, еуропалықтар мен американдықтардан қарызға алған заманауи технологияларға негізделген экономиканы индустрияландыруға кірісті. Жапон үкіметінің экономикалық саясаты оның әскери-

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gylnara2005@mail.ru (Г.М. Смагулова)

стратегиялық жоспарымен — заманға сай армия мен әскери теңіз флотын құруға ұмтылысымен тығыз байланысты болды. Үкімет әскери зауыттар мен арсеналдар, ірі кеме жасайтын верфтер мен темір өңдеу зауыттарын құруға кірісті. Басқа салаларда үлгілі өнеркәсіп орындары пайда болды: қағаз, жібек орау, күкірт, цемент т.б. зауыттары.

1880 ж. «үлгілі өнеркәсіп орындарының» көпшілігі арзан бағамен жеке кәсіпкерлерге сатылды. Үкімет кәсіпкерлік қызметке кіріскен бұрынғы князьдар мен самурайларға жеңілдіктер берді. Ауыл шаруашылығы шикізат өнімдерін өңдейтін көптеген мануфактуралар және жеңіл фабрикалық кәсіпорындарды помещиктер құрды. Жапон помещиктері бір жағынан капиталистік кәсіпкерлікпен айналысты.

«Си-но-ко-сё» сословиесі әлеуметтік теңсіздік ретінде жойылды. Жапон өркениеті сыртқы әсерлерге төзімділікпен және оларды ұлттық тәсілмен өңдеу қабілетімен ерекшеленді. Жаңа режимнің лидерлері Т. Ивакура, Т. Окубо, Х. Ито және басқалары елге конституция мен парламенттің керек екенін түсінді. Осы жерде олар тағы да еуропалық елдердің — Германияның және Австрияның тәжірибесіне сүйенді. 1889 ж. 11-ші ақпанда конституция қабылданды және ол 1900 ж. 29 қарашасында бірінші парламент шақырылғанда қолданысқа енгізілді. Ол «Ұлы Жапон Империясының Конституциясы» деп аталып, елдегі ішкі тұрақтылықтың нығаюына ықпал етті [1; 45–46].

Жапониядағы ауқымды модернизациялық реформалар Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Барлық модернизациялық реформаларды американдық экономистер мен тәжірибелі мамандар жүргізді. Жапонияның жергілікті жерлеріндегі реформаларға генерал Д. Макартур жетекшілік етті. Елдің бюджет, несие және валюталық салаларындағы реформаларды Джозеф Додж жүргізді. Оның аталған салалардағы реформалары 1949–1952 жж. аралығында жүргізіліп, әлемдік тарихқа «Шоковая терапия Доджа» немесе «Додж бағыты» деген атаулармен енді [1; 52–56]. Нәтижесінде 1950 жылдардан кейін Жапонияда рекордтық экономикалық өсу процесі басталды. Келешекте бұл процесс «жапондық экономикалық ғажайыптар» деп аталды. «Ғажайып» кезіндегі экономикалық өсімі жыл сайын шамамен 10 % құрады, бұл сол кездегі дамыған елдер арасындағы ең жоғары өсу қарқыны болды. «Ғажайып» себептерінің қатарына салықтардың төмендігі және жапон ғылымының жаңа технологияларды қарқынды игеруі жатады [2; 35–36]. Жапонияда жүргізілген модернизациялық реформалар елдің дамуының басым бағыттарын нақты айқындап анықтады. Алдымен металлургия, кеме жасау және мұнай-химия саласын дамытуды қолға алды. Нәтижесінде аз уақыттың ішінде металлургия саласынан дүниежүзі бойынша алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылды (100 млн. тоннаға дейін металл қорыта алатын болды); 200–300 мың тонналық танкерлер жасаумен әлем бойынша бойынша 1-ші орынға көтерілді. Одан кейінгі басым бағыт — тұрмыста қолданатын электротехникалық бұйымдар жасау және автомобиль құрастыру болып табылды. Бұл бағытта да жапондықтар қателескен жоқ. Жапондықтар үшін ең маңызды ұстаным сан емес — сапа болды. Нәтижесінде, жапондық брендтер пайда болды: «Toyota», «Nissan», «Mitsubishi», «Mazda», «Lexus», «Datsun», «Subaru», «Suzuki», «Infiniti», «Honda» және басқалары. «Жапондық сапа» қазіргі кезде де өте жоғары деңгейде.

*Қытайдағы* модернизациялық процестер де Жапония еліндегідей XIX ғ. басталды. Оны зерттеуші ғалымдар бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. Қытай зерттеушісі Ли Хунту қытайлық модернизацияның төрт кезеңнен тұрғанын көрсетеді: «I кезең — 1840–1910 жж. модернизациялық процестердің басталуы; II кезең — 1911–1949 жж. аралығы — феодалдық жүйедегі өзгерістер, буржуазиялық революция кезеңі; III кезең — 1949–1976 жж. капитализмнен социалистік модернизацияға өту кезеңі; IV кезең — 1976 ж. бастап бүгінгі күнге дейін — Мао Цзе Дун қайтыс болғаннан кейін басталған реформалар кезеңі» [3; 87–88]. Ал қазақстандық зерттеушілер былайша кезеңдейді: «I кезең — 1860–1911 жж. — өзгерістерге дайындық алған уақыт; II кезең — 1912–1949 жж. — Қытай Республикасы кезіндегі қоғамдағы модернизация, яғни жан-жақты білім мен тәжірибе жинақтаған өтпелі кезең; III кезең — 1949 ж. бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды, оның бірінші бөлігі 1949–1978 жж., келесі кезең — 1978 ж. басталған нарықтық реформаларға ұласқан, Қытайды модернизация нәтижесінде өз мақсатына жеткізген тәжірибелік мерзім» [4; 20–38].

Модернизацияның *бірінші кезеңінде* Қытай жартылай отарланған ел болды. Бұл кезде Қытайды басқарған Цин әулеті отарлаушыларға қарсы тұра алмады және жедел реформалар жүргізе алмады. Буржуазиялық оппозицияның жетекшісі, философ Кан Ювэйдің әсерінен жас император Гуансу 1890 ж. басында «Жүз күндік реформаларға» кірісті. Алайда олардың қарқыны мен тереңдігі жеткіліксіз болды, бұны Жапониямен болған соғыстағы жеңіліс айқын көрсетті.

Гуансу бірнеше радикалды реформаларды бастады, бірақ олардың қарсыластары мемлекеттік төңкеріс жасап, оны биліктен шеттетті. Өзін регент деп жариялаған императорының анасы Цы Си барлық реформалардан бас тартты [5; 668–669]. Соған қарамастан қытайлық реформаторлар саяси жүйеде, экономикада, білім беру саласында, жаңа мәдениет жасауда, яғни қытай қоғамының барлық қырларын қамтитын кең көлемдегі қайта құруларды қолға алды.

XX ғасырдың басында ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу және батыл, түбегейлі саяси және экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру арқылы жоғары дамыған мемлекетті қалыптастырудың толық бағдарламасын революциялық күрес әдістерін ұстанған, демократ Сунь Ятсен дайындады. Сунь Ятсен жасаған «Үш халықтық принцип» бағдарламасындағы үш қағида — ұлтшылдық, демократия және халықтың әл-ауқаты сол кездегі Қытай елі үшін өте өзекті болды. Сунь Ятсен бастаған топ модернизацияның мақсатына қол жеткізу үшін, Цин империясын құлата отырып, яғни монархиялық билікті жойып, республикалық құрылыс орнату керектігін түсінді. Батысқа қарсы тұра алу мақсатында, мемлекет бақылауындағы әскери өнеркәсіп құрылды. Кәсіпкерліктің басқа да түрлері пайда болды. Сол кезеңде Қытайдағы батыстық экономикалық ықпалдың жоғары болғандығын, елдегі шетел капиталының үстемдік еткенін айтпай кетуге болмайды. Бірақ есесіне шетелдік іскер орта Қытайға ірі көлемдегі инвестициялар салды.

Қытай зерттеушілерінің айтуы бойынша, Сунь Ятсеннің бағдарламасы сол уақыттағы модернизацияның мәнін ең терең түсініп даярланған жоба болды. Себебі бұл бағдарламада ең алдымен феодалдық саяси тәртіпті құлатып, модернизациялау саясатын жүргізу кепілі ретінде демократиялық республика құру, демократиялық саяси жүйе қалыптастыру және Қытай модернизациясының басты кезеңі – аграрлық мәселені шешу өзара байланысты факторлар ретінде қарастырылды.

Қытай қоғамында трансформация басталды. Нәтижесінде инфрақұрылымдар дами бастады, жаңадан сауда және өнеркәсіп орындары ашылды, ғасырлардың тоғысында жаңа мәдени мекемелер — мұражайлар, кітапханалар, баспаханалар, жоғары оқу орындары пайда болды.

Қытай модернизациясының *екінші кезеңі* Қытай Республикасының құрылуы кезінде басталды. Бұл кезеңдегі модернизациялық процестер білім беру мен ғылым саласына үлкен өзгерістер әкелді: бұрынғы императорлық емтихан алынып тасталды, жаңа үлгідегі мектептер пайда болды; жазудың дәстүрлі жүйесінің орнына жаңа әрі ыңғайлы формасы қалыптасты; студенттер білім алу үшін шет елдерге жіберіле бастады; техника мен қазіргі заманғы ғылым (астрономия, метеорология, физика, химия, биология, инженерлік технология) дамыды; Қытайдағы танымал оқу орындары — Пекин, Цинхуа университеттері ашылды; жаңадан ғылыми мекемелер ашылды; баспа үйлері пайда болды; хабар тарату станциялары ашылды; музыка, халықтық өнер, киностудия салалары тез дами бастады [4; 24].

Екінші кезеңде 1920–1930-шы жж. Қытайда модернизациялық мәселелерді шешудің ыңғайлы жолдарын іздестіру белсенді түрде талқылана басталды [6; 427–447]. Нәтижесінде елді модернизациялау бағдарламасы Сунь Ятсен идеяларын жаңғырту арқылы жүргізілді. Қытай болашақ дамуын капитализм және социализмді үйлестіру арқылы жүргізіп, экономикалық реформада табыстарға қол жеткізуге болатындығын түсінді. Қытай Республикасын әлемдік қауымдастыққа танытатын іс-шараларды қолға алды. Әсіресе тең емес дәрежеде жасалған келісім-шарттарды қайтадан қарастыруда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әлемнің алпауыт елдерімен тең дәрежеде иық түйістіріп отыратын халықаралық ұйымдарды құруда белсенді болды. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуына бастамашы мемлекеттердің қатарында Қытай да тұрды. Ал соғыстан кейін, 1949 ж. Қытай Халық Республикасының құрылуымен жаңа тәуелсіз мемлекеттің одан әрі дамуында модернизациялық процестердің *үшінші кезеңі* басталды. Қазақстандық ғалымдардың пікірінше 1949–1978 жж. аралығы жоспарлы құрылыстың командалық-әкімшілдік фазасы болды [4; 26].

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан бері елде тәуелсіз, жеке дара, үдемелі даму басталды. ҚХР құрылғаннан кейінгі алғашқы жылдары шаруашылық құрылымды батыс елдері тарапынан қойылған шектеме блокада жағдайында жүргізуге тура келді. Бірақ ҚХР өте қысқа тарихи мерзім ішінде ең ауыр қиындықтарды жеңе білді. Бұл жерде КСРО тарапынан жан-жақты саяси, экономикалық, кадрлық және басқа да көмектер мен қолдаудың болғанын атап кеткен дұрыс. Ал Қытай өз кезегінде социализмге қарай бет бұруға мақсат қойды. 1966 ж. басталған «Мәдени революция» дәстүрлі мәдениетке ғана үлкен нұқсан келтіріп қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуға да кері әсер етті, бірақ Мао Цзэдун 1976 ж. қайтыс болғаннан кейін біртіндеп қалпына келе бастады. 1978 ж. ғана елде қажетті саяси жағдай жасалған соң, Дэн Сяопин бастаған топ модернизация

бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Дэн Сяопиннің дұрыс социалистік модернизацияны сәтті жүзеге асыруда оның ұтымды идеяларынан бастау алды. Ол социалистік модернизацияның басты мақсаты — қарқынды экономикалық өсім, ғылыми-техникалық потенциалды көтеру арқылы экономиканың тиімділігін арттыру және сапалы жаңарту, осы жаңартудың ғылыми және тәжірибелік формалары мен әдістері арқылы жетістіктер мен кемшіліктерді зерделеу, әрбір сатыда қалыптасқан кедергілерді еңсерудің жолдарын қарастыру деп түсіндірді.

Дэн Сяопин Қытай Коммунистік партиясының XII съезінде (қыркүйек 1982 ж.) «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» құрудың жаңа идеялық-теориялық формуласымен таныстырды; 1984 ж. «Бір ел — екі жүйе» тұжырымдамасын жасады, яғни Сянғанды (Тайвань, 1997 ж.) және Аомэнді (Гонконг, 1999 ж.) қайтару жоспарын құрды; қытайлық даму стратегиясының үш қадамын айқындады: бірінші қадам — халықтың қарны тоқ, киімі бүтін болатындай деңгейге қол жеткізу; екіншісі — XX ғасырдың соңында ДЖӨ төрт есеге өсіру; үшіншісі — жаңа ғасырдың 30–50 жылы ішінде орташа дамыған елдердің деңгейіне қол жеткізу; 1984 ж. қазан айынан бастап қытайлық экономикалық модернизацияның екінші кезеңі — қалалардағы экономикалық жүйелерді реформалау басталды. Төрт ірі қала — Шэньчжэнь, Чжухай, Сямынь, Шанью — арнайы экономикалық аймақтар болып жарияланып, төменгі салық режиміндегі еркін нарыққа көшті. Ал 1988 ж. бастап «социалистік нарықтық экономика» жағдайында мемлекет экономиканы макроэкономикалық құралдар арқылы басқарып, әкімшілік ықпал етуді барынша тежеп, соның арқасында, Қытайдың біртұтас ұлттық нарығының құрылуына ықпал етті. Қазақстандық саясаткер С. Құттықадам сөзімен айтқанда «отар болған Қытайды дамыған Қытай жасаған Дэн Сяопин болды» [7; 11–16].

Бүгінде Дэн Сяопин бастаған реформалардың жалғасын өзінен кейінгі Қытай басшылары — Цзян Цзэминь мен Ху Цзиньтао сәтті түрде жүргізді, ал қазір Си Цзиньпин жалғастыруда.

*Үндістандағы* модернизациялық процестер Жапония мен Қытайға қарағанда күрделірек жүрді әрі ұзақ уақытқа созылды. Бұл елдегі модернизациялық процестер экономика саласынан гөрі, саяси-әлеуметтік бағыттарда жақсы көрініс тапты. Неге десеңіз, 1947 ж. дейін Үндістан да Азияның басқа елдеріндей отарланған мемлекет болып келді. Сол себепті тәуелсіздікке қол жеткізу Үндістан үшін ең маңызды мәселе болды.

1885 жылы Үндістанның ұлттық буржуазиясы мен интеллигенциясы «Үндістан Ұлттық Конгресін» құрды, оның басты ұраны отарлық режимге бейбіт түрде қарсы тұру болды. ҰҰК-нің белсенді үгіт-насихаттары және ұйымдастырылған зорлық-зомбылықсыз іс-шаралар партияға көптеген жаңа жақтаушыларды әкелді. ҰҰК-ның сол қанатының жетекшісі заңгер Б.Тилак халық арасында өте танымал болды. Бірақ олар тәуелсіздік жолындағы күресті ұзақ жылдар бойы жүргізді.

Үнділіктердің әлеуметтік жүйесі, яғни касталық-варналық бөлінісі қандайда бір болмасын реформалар бастауға кедергі келтірді. Сол себепті Үндістанның ұлттық көшбасшылары халқына ең алдымен тәуелсіздіктің маңызды екенін түсіндірді, ал тәуелсіз мемлекет болған кезде өмірдің басқа салаларында реформалар жүргізу жеңілрек болатынына көз жеткізді. Өткен ғасырлардың көптеген қаскөй империялары өз мүдделерін қорғау мақсатында, отарлық саясат жүргізген елдеріндегі адамның жеке бас бостандығын жоққа шығарды, отарланған халық зорлық-зомбылық шегіп, аштық пен мұқтаждыққа төзе алмай, миллиондаған қарапайым адамдар өлімге душар болды. Адамзат баласының осындай түрлі зорлық пен зомбылықтан азат болу жолдарын іздестірген және осы жолда өздерінің күш-жігерін аямай жұмсаған тұлғалар, адамзат тарихының бейнесі мен ағымына өзгеріс енгізгені әлемдік тарихтың тәжірибесінде бар екені белгілі. Сондай тұлғалардың бірі Үндістандағы Махатма Ганди болды. Ол да саналы ғұмырын Б. Тилак тәрізді туған еліне, үнді халқына қызмет етуге арнады.

Үндістанның барлық өңірі кедейліктің шегіне жеткенін көрген М. Ганди отаршыл ағылшындарды басты кінәлі ретінде санады және ол өзі кейін «Сатьяграха» («Шындық күші») деп атаған әдіске жүгінуге шешім қабылдайды. М. Гандидің ойынша, адам әділетсіз және зұлым қарсыласқа тап келсе, ол оған адамгершілік күшімен қарсы тұруы керек. Сол себепті М. Ганди күш қолданбау қағидасымен қанаттана отырып, азаматтық бағынбаушылық пен қарсылық көрсету науқанын бастайды. Мұндай маңызды акция ретінде ол 1919 жылы 6 сәуірде «хартал» ұйымдастырады (хартал — жалпы көтеріліс деген мағынаны білдіреді). Мұны ол Үндістандағы ағылшын үкіметінің төтенше өкілеттілігін кеңейтетін Роулетт заңдарына қарсылық белгісі ретінде өткізеді. Оның ағылшындармен ынтымақтастықтан бас тартуға арналған үндеуі Үндістан Ұлттық Конгресі партиясының бағдарламасына негіз болып, елді мекендерді көптен қамти бастайды. Ол ауыл экономикасын жандандыруға ұмтылып, үнділер өздерінің киімдерін шығарулары үшін британдық өндіріс киімдерін өртеуді ұсынады. Осылайша халықты ағылшын тауарларына бойкот

қозғалысына шақырды [8; 98]. Ұзақ жылдар бойы М. Ганди ұстанған бейбіт қатар өмір сүру мен күш қолданбау идеологиясы іске асты, 1947 ж. 15 тамызында Үндістан тәуелсіздігін жариялады. Енді М. Гандидің бейбіт қатар өмір сүру мен күш қолданбау ұстанымдары ХХ ғ. басындағы Азия мен Африка елдерінде жүрген ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиясына айналды. Оның философиялық ойлары, саяси ұстанымы әлемдік сипатқа ие болды. Сол себепті М. Гандидің әлемдік саясаттағы алатын орны ерекше. Оның тәуелсіздік пен бейбітшілік жолындағы күрескерлік тәсілдері тек өз отаны Үндістанға ғана емес, дүниежүзінің көптеген елдеріне үлкен әсерін тигізді. Мысалы, АҚШ-та афроамерикандықтардың көсемі Мартин Лютер Кинг гандизм идеяларын қолдаған және өзінің күрес тәсілдеріне де қолданған. Ол қара нәсілділерді қорлаған ақ нәсілдерге қарсы Гандидің күш қолданбау саясатына сүйене отырып, нәсілшілдікке, жұмыссыздыққа, аштыққа, кедейшілікке қарсы күрескен. Осындай күресі үшін 1964 жылы Мартин Лютер Кинг Нобель сыйлығын иеленді. Сол сияқты М. Гандидің философиялық идеяларын Оңтүстік Африканың мемлекет және қоғам қайраткері Нельсон Мандела да пайдаланған. Оның күш қолданбау тактикасын пайдалана отырып, ағылшындарға бейбіт жолмен қарсы шықты. Нельсон Мандела апартеид режиміне қарсы күрескен ХХ ғасырдың ірі тұлғасына айналды. Өмірінің 27 жылын түрмеде өткізгеніне қарамастан, әлемдік қауымдастықта беделі зор көшбасшы ретінде танылды. Мартин Лютер сияқты ол да 1993 жылы Нобель сыйлығына ие болғаны тарихтан белгілі.

Жалпы Үндістандағы М. Ганди бастаған қоғамдағы саяси модернизациялық процестер одан кейінгі Үндістанның көшбасшылары мен жергілікті үкімет басындағылар жалғастырған экономикалық реформалармен үндесті. Бүгінде Үндістан әлемге заманауи технологияларды озық меңгерген мемлекет ретінде танымал. Шығыс пен Батыстың мәдени құндылықтарын табысты үйлестіру арқылы мәдениет саласында, атап айтқанда Болливуд киноиндустриясы арқылы модернизациялық процестердің жемісін көруде.

Модернизациялық процестерді өз деңгейінде жүргізген Азия елдерінің қатарында *Түркия* мемлекеті де бар. Түркия Республикасы күйреген Осман империясының орнына жаңадан құрылған мемлекет ретінде әлемдік саяси картада 1923 ж. пайда болды. Жаңа мемлекеттің басында Мұстафа Кемал Ататүрік тұрды. Түркиядағы модернизациялық процестер Үндістандағыдай саяси реформалардан басталды. Ол тарихта «кемализм» деген атауға ие болған түрік ұлтының мүддесін көздейтін, ұлттық идеологияның негізгі принциптері арқылы жүргізілді. Бұл принциптер 1937 жылы қабылданған Түркия Республикасының Конституциясына ресми түрде енгізілді.

«Кемализм» принциптерінің негізгі құрамдас бөлімдері республикашылдық, ұлтшылдық, этатизм, лаицизм, халықшылдық және революцияшылдық тәрізді алты үлкен бағыттардан тұрады. Ататүрік ұсынған «республикашылдық» деп аталған принцип, Мұстафа Кемалдың түсінігі бойынша мемлекетті тұрақты түрде республикалық құрылым жолымен басқаруды білдіретін, демократиялық жүйедегі мемлекет түрі.

«... Жоба бойынша 1921 жылғы Атазаңда мемлекет пішімін (форма) өзгерттім. Бірінші баптың соңына Түркия мемлекетінің үкімет пішімі — Республика деген сөйлем қостым. Үшінші бапты былай өзгерттім: «Түркия мемлекетін Ұлы Ұлттық Мәжіліс басқарады. Мәжіліс үкіметтің түрлі басқару буындарына уәкілдер арқылы жетекшілік етеді.

Бұдан басқа Атазаңдағы негізгі болып табылатын 8-ші және 9-шы баптары өзгертіліп, нақтылана түсті. «Түркия Президенті — Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі Бас Кеңесі мен мәжіліс мүшелері тарапынан бір сайлау мерзіміне сайланады. Басшылық қызметі жаңа президент сайланғанға дейін созылады. Бұрынғы басшы қайта сайлана алады». Тоғызыншы бап былай жазылды: «Түркия Президенті — мемлекет басшысы. Осы өкілеттігімен Мәжіліс пен Уәкілдер Кеңесіне басшылық жасайды» [9; 70–71]. Яғни, Ататүрік өз дәуірінде-ақ бүгінгі Түркиядағы қоғамның саяси демократиялық жүйесін жасап, президенттік институтты құрып, парламенттік республиканың негізін қалап берді.

Мұстафа Кемал «отан», «ұлт», «республика», «қоғамдық құқық» тәрізді ұғымдар арқылы ұлттық идеяның негізгі принциптеріне үлкен көңіл бөлді. Соның ішінде ұлттық рухты көтеруге ерекше мән берді. Оның «Мен түрікпін» деген адам қандай бақытты!» деп айтқан сөздері, барлық түріктердің ұлттық намысы мен жігерін қайрады. Ұран ретінде айтылған Мұстафа Кемалдың осы бір қанатты сөздері өз ұлтының атауы үшін әрбір түріктің көкейіне мақтаныш сезімін ұялатты.

Мұстафа Кемалдың басшылығымен жүргізілген «этатизм» деген атпен белгілі реформаның бұл бағыты Түркия мемлекетінің экономикалық саясатына арналды. Яғни жеке сектордың мүмкіндігінен тыс салалар мемлекет қарамағында болады және мемлекеттің тікелей араласуымен дамытылды. Түркияға алдыңғы қатарлы шетелдердің экономика жүйесіндегі нарықтық қатынастардың озық

үлгілері енгізілді. Ауыл шаруашылық кооперативтерін құруды қолдады. Кейбір деректер бойынша 1920-шы жылдың аяғына қарай Түркияда 200-ден артық акционерлік компаниялар пайда болып, жері жоқ шаруаларға шаруашылық жүргізу үшін жер берілген, елде шетелдік банкілер жұмыс істей бастаған [10; 233]. Осылайша Мұстафа Кемал Ататүрік ел өміріне аса тиімді экономикалық жүйелердің қалыптасуының негізіп қалап берді және елдің экономикалық жағдайын тек сауықтырып қана қоймай, оны дамытуға бағытталған мемлекеттің стратегиялық жоспарын жасады. Көрегенділік саясаттың нәтижесінде Түркия артта қалған аграрлы елден өндіріске бағыт ұстанған елге айналды. Ататүрік реформасының экономикалық саясаттағы батыл қадамдары бүгінгі Түркияның экономикалық бейнесін қалыптастыруға негіз болды.

Мұстафа Кемал жүргізген реформалардың ішінде ерекше орын алатын бағыттардың бірі «лаицизм» немесе зайырлылық. Басқаша айтқанда мемлекет пен діннің арасын ажырату. Бұл жөнінде түрік профессоры Н. Түзүннің мына пікірлерін С. Смайыл өз еңбегінде келтіріп өткен: «Зайырлылық — дінге қарсы тұру емес, сенім-нанымды әр адамның жан дүниесіне тапсыру. Ішкі дүниедегі сенім мемлекеттік түсінікпен қатар өмір сүре алады. Осы тұрғыдан алғанда «лаицизм» сөзі бір құқық термині ретінде қабылдануы тиіс» [9; 80]. Шынында да Мұстафа Кемал ислам дінін мемлекеттік істерге, халықтық ағартушылықтарға араласуына тиым салды. Бұл дінге қарсы тұру деген ұғымнан аулақ болды. Дәстүрлі ислам діні түрік халқының ерекшеліктеріне сәйкесіп, күнделікті және қоғамдық өмірге айтарлықтай бейімделді. Керісінше, дәстүрлі діндерге қарсы, олардың теріс ағымын уағыздайтын көзбояушыларға қарсы күресті. Ал шынайы діндердің дамуына, олардың мешіттермен қатар шіркеу үйлерінің болуына тиым салынған жоқ. Мемлекет жетекші дін ретінде исламды қорғауды да өз мойнына алған. Сол себепті «Құран» түрік тіліне аударылып, енді оның мәні мен мазмұны көпшілік халыққа түсінікті бола түсті. Елдің ішіндегі дін істерімен айналысатын арнайы мемлекеттік мекеме болды. Ататүріктің тарапынан жүргізілген мұндай шара бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Жаһандану заманының дәстүрлі емес қауіп-қатерлерінің бірі болып діни экстремизм мен терроризм әлем елдерінде көрініс тауып отырған кезеңде, әр мемлекетте дін істерімен айналысатын мекемелердің болуы маңызды.

«Революцияшылдық» принципіннің негізін ел ішіндегі тоқырауларға жол бермеу, сол себепті үнемі дамып отыру, жаңару үстінде болу, әлемдік өркениеттен қалмау тәрізді идеялар құрады.

Ататүрік бастап беріп кеткен реформаларды Түркия Республикасының сегізінші президенті (1989–1993) болған, «түрік экономикасының» архитекторы атанған Тұрғыт Озал және басқа да тұлғалар жалғастырды.

XX ғасырдың екінші жартысында елде жүргізілген модернизациялық реформалардың сәтті нәтижесінде жаңа мемлекет — *Сингапурдың* тәжірибесі әлем елдерін қызықтыра бастады.

Сингапур тәжірибесіндегі модернизациялық реформалардың басында Ли Куан Ю тұрды. Ол 1959 ж. Сингапур үкіметіне билікке келген кезде, біріншіден, елдің мемлекеттілігі белгісіз күйде, экономикалық жағдайы ауыр, екіншіден халықтың әлеуметтік тұрмысы өте төмен болды. 1965 ж. Малай Федерациясы құрамынан шыққан Сингапурдың болашағына көрші мемлекеттердің ғана емес, ел ішінің де сенімінен гөрі күдігі басым еді. Алайда, бұл күдік пен сенімсіздікті іскер де батыл, сұңғыла басшы Ли Куан Ю сейілте білді. «Дүние жүзі бізді асырауға міндетті емес. Біз қайыршылықта күн көруге тиіс емеспіз», — деп Ли Куан Ю-дың өзі айтпақшы ол халқының алдына тез арада орындалуға тиісті үш үлкен мақсатты қойды:

1. Әділ, мықты және полимәдени мемлекеттің негізін қалау;
2. Оның қауіпсіздік мәселесін шешу;
3. Жаңа типті қуатты экономика құру [11; 216].

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Ли Куан Ю ең алдымен мемлекетіне адал қызмет ететін мықты команда құрудан бастады. Жаңа мемлекеттің саяси құрылысын жасауда еңбексүйгіш, жаны таза, тәртіптілікті жақтайтын, сауатты, ұлтжанды, кәсіби адамдарды тартты. Осы жолда Ли Куан Ю өзін тамаша психолог, көрегенділік қырларымен таныта білді. Жаңадан құрылған жас мемлекетті әлемдік қауымдастыққа таныта білетін адамдардан ол құрған парламенттік республика мемлекеттің 1959 ж. қабылдаған конституциясы бойынша жұмыс істейді. Тек конституцияға кей жылдары өзгертулер жасалып толықтырылды.

Әлемдік қауымдастыққа Ли Куан Ю нағыз шыныққан саясаткер ретінде танылды. Оны ел экономикасының толағай табыстарынан көруге болады.

Ли Куан Ю әлемдік беделге ие болу үшін, ең алдымен елдің экономикалық және саяси салаларын басқаруға біліктілігі мен қабілеті жеткілікті мамандардан құралған қатал орталықтандырылған

мемлекет құру саясатымен танымал. Адами ресурстың маңыздылығын түсінді. Әсіресе интеллект ұғымына үлкен мән берген Ли Куан Ю білім, талант және қажырлы еңбек — осы үшеуінің арқасында ғана табысқа қол жеткізуге болатынына көзі жетіп, «ақылды адамдарға» бәс тікті. Үкімет жастарға басымдық берді. Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Сингапурде жас таланттарды шет елдерде оқыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама жұмыс істей бастады. Мектептердің үздік түлектері Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония университеттеріне оқуға жіберілді. Жастарға білім беру үкіметтің ұзақ мерзімді негізгі бағытына айналды. Оқуларын бітіріп елге қайтып оралған жастарды Ли Куан Ю Сингапурдағы мемлекеттік органдарға жауапты қызметке тағайындады. Осы жастардың арасынан Сингапурдың қазіргі саяси және экономикалық элитасы өсіп шықты.

Бүгінгі күні Сингапур — Азияның қаржы орталығының бірі бола отырып, «ақылды қала» концепциясы бойынша даму үстінде. Ол қауіпсіз қала-мемлекет, өйткені оның көшелерінің барлығы бейнекамералар арқылы қорғалады.

Сингапур коммуналдық шаруашылық жағынан да «ақылды». Мұндағы су, электр көздерін пайдалану арнайы сенсорлық құралдардың көмегімен бақыланады, адамдар оларды қолдарындағы мобильдік құралдар арқылы да басқара алады. Ең бастысы білім беру мен денсаулық сақтауға ерекше көңіл бөледі. Мысалы, Наньян технологиялық университетінде ЭкоКампус — «Тірі лаборатория» бар. Онда «жасыл» технологиялар мен инновациялар іске асырылуда. Бұлардың барлығы модернизациялық реформалардың нәтижесі.

### *Қорытынды*

Модернизация көпқырлы процесс. Оның барысында жүргізілетін реформалар да әр түрлі және олар әр мемлекетте де әр түрлі жүргізілуі мүмкін. Азия елдерінде жүргізілген модернизациялық процестер барысында көптеген мемлекеттер бір кездері Батыс қоғамында қалыптасқан «артта қалған Азия» ұғымын тас-талқан етті. Оған нақты дәлел — Жапониядағы жүргізілген модернизациялық реформалардың нәтижесі «жапон ғажайыптарын» тудырды. Оның артынан «азия жолбарыстары» атанған Оңтүстік-Шығыс Азияның жаңа индустриалды елдерінің табыстарын айтуға болады. Жаңа индустриалды елдердің бірінші толқынының ішінде «азия жолбарыстарының» бірі ретінде танылған Сингапур мемлекеті бар.

XXI ғ. жаһандану үрдісі тез дамыған сайын адами ресурсы бойынша бірінші орында тұрған Қытайды елде жүргізіліп келе жатқан модернизациялық реформалардың дұрыс жолы мен қабылдаған стратегияларының айқындығы, бұл елдің әлі де әлем елдеріне үлгі болатынын дәлелдей түседі.

Қытаймен өкшелес дамып келе жатқан Үндістанның да әлем елдерінің арасында алатын өзіндік орны бар.

Ал қазіргі Түркия Республикасы түркі тілдес мемлекеттер мен түркі халықтары қауымдастығының арасында өзінің лайықты орнын алып отырған мемлекет қана емес, шын мәнінде Батыс пен Шығыстың, Еуропа мен Азияның арасын жалғастыратын көпірге айналды.

Аталған елдердегі модернизациялық процестердің басында ұлт көшбасшылары, идеологтары және реформаторлары тұрғанын баса айтқан дұрыс. Олардың қай қайсысы болмасын елінің тәуелсіздігі үшін күресті. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін елдің экономикалық ахуалына, халықтың әл-ауқатына, ұлттың рухани құндылықтарына ерекше мән бере отырып, сауықтыру реформаларын жүргізді. Нәтижесінде артта қалған елдер қатарынан шығып, әлемдегі ең табысты да бай елдердің қатарына кіре бастады. Бүгінде әлемдік қауымдастық Жапонияны АҚШ-тан кейінгі ең мықты дамыған мемлекет ретінде, Қытай, Үндістан және Түркияны «үшінші елдер» қатарынан дамыған индустриалды елдер, Сингапурды өте кедей қала-мемлекеттен «ақылды қалаға», әлемдік сауда және қаржы хабына айналған мемлекет ретінде таниды.

Аталған елдердің тәжірибесі біздің еліміз үшін қазақстандық модернизацияны дамытуға, Қазақстанның тұрақты даму мәселесін шешу барысында қолдануға болады.

### *Әдебиеттер тізімі*

1 Ашинова Ж.Е. Процессы модернизации в современной Японии: учеб. пос. / Ж.Е. Ашинова. — Алматы: Қазак университеті, 2017. — 156 с.

2 Динкевич А.И. Государственные финансы послевоенной Японии / А.И. Динкевич. — М.: Наука, 1967. — 405 с.

3 Hongtu Li. China's modernization: a historical survey / Li, Hongtu. — Shanghai: East Chinese Normal University, 2007. — 237 p.

- 4 Алдабек Н.А. Модернизация Китая и Казахстана: моногр. / Н.А. Алдабек, П.Е. Бектурганова, А.Е. Сериккалиева, Д. Дауен, М. Асыл; под ред. П.Е. Бектурганова. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 348 с.
- 5 Непомнин О.Е. История Китая. XX век / О.Е. Непомнин. — М.: Ин-т востоковедения РАН, 2011. — 736 с.
- 6 Васильев Л.С. История Китая: учеб. для студ. вузов / Л.С. Васильев, Г. Лапина, А.В. Меликсетов, А.А. Писарев; под ред. А.В. Меликсетова. — М.: Изд-во МГУ, 1998. — 736 с.
- 7 Құттықадам С. Дэн Сяопин — саясаткер / С. Құттықадам // Аңыз адам. — 2016. — № 16. — Б. 11–16.
- 8 Ульяновский Р.А. Три лидера великого индийского народа / Р.А. Ульяновский. — М.: Политиздат, 1986. — 231 с.
- 9 Смайыл С. Ататүрік: Танымдық өмірбаян / С. Смайыл. — Алматы: ҚАЗАқпарат, 1998. — 128 б.
- 10 Кубеев М. Сто великих монархов и правителей / М. Кубеев. — М.: Вече, 2013. — 256 с.
- 11 Құттықадам С. Служение нации: 10 мировых примеров управления государством / С. Құттықадам. — Алматы: ИНЭС-ЦА, 2009. — 356 с.

Г.М. Смагулова, Т.У. Бельгибаев

### Исторический обзор процессов модернизации в странах Азии

В статье рассмотрены исторические этапы, ход и результаты процессов модернизации в некоторых странах Азии. Обоснован тот факт, что страны Азии, за исключением Японии, будучи колониями западноевропейских государств, сумели обрести независимость на основе политической модернизации. Успешность модернизационных реформ в Японии, Китае, Турции, Индии и Сингапуре объясняется тем, что, наряду с использованием опыта зарубежных стран в сфере образования, развития науки, открытия современных предприятий, применения инновационных технологий, реформы проводились с опорой на национальные традиции. Актуальность и значимость темы статьи вытекает из возможности использования другими странами, в том числе и Казахстаном, исторического опыта названных выше азиатских стран в проведении модернизационных реформ. Рассматривая историю модернизационных процессов в странах Азии, авторы обращают внимание на важность модернизационных процессов для всестороннего развития государства.

*Ключевые слова:* модернизация, страны Азии, колониальная политика, реформы, экономика, развитие страны.

G.M. Smagulova, T.U. Belgibayev

### Historical overview of modernization processes in Asian countries

The article examines the historical stages, progress and results of modernization processes in some Asian countries. The article substantiates the fact that Asian countries, with the exception of Japan, being colonies of Western European states, managed to gain independence on the basis of political modernization. The success of modernization reforms in Japan, China, Turkey, India and Singapore is explained by the fact that along with the use of the experience of foreign countries in the field of education, science development, the opening of modern enterprises, the use of innovative technologies, the reforms were carried out based on national traditions. The relevance and significance of the topic of the article stems from the possibility of using other countries, including Kazakhstan, the historical experience of the above-mentioned Asian countries in carrying out modernization reforms. Considering the history of modernization processes in Asian countries, the authors draw attention to the importance of modernization processes for the comprehensive development of the state.

*Keywords:* modernization, Asian countries, colonial policy, reforms, economy, development of the country.

### References

- 1 Ashinova, J.E. (2017). *Protsessy modernizatsii v sovremennoi Yaponii [The processes of modernization in modern Japan]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 2 Dinkevich, A.I. (1967). *Hosudarstvennye finansy poslevoennoi Yaponii [Public finances of post-war Japan]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Hongtu, Li. (2007). *China's modernization: a historical survey*. Shanghai: East Chinese Normal University.
- 4 Aldabek, N.A., Bekturganova, P.E., Serikkaliev, A.E., Dauen, D., & Asil, M. (2014). *Modernizatsiia Kitaia i Kazakhstana [Modernization of China and Kazakhstan]*. P.E. Bekturganova (Ed.). Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 5 Nepomnin, O. E. (2011). *Istoriia Kitaia. XX vek [History of China. XX century]*. Moscow: Institut vostokovedeniia RAN [in Russian].



- 6 Vasilev, L.S., Lapina, G., Meliksetov, A.V., & Pisarev, A.A. (1998). *Istoriia Kitaia [History of China]*. A.V. Meliksetova. (Ed.). Moscow: Izdatelstvo Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 7 Kuttikadam, S. (2016). Den Siaopin — saiasatker [Deng Xiaoping — politician]. *Anyz adam —Man of legend*, 16, 11–16 [in Kazakh].
- 8 Ulyanovskii, R.A. (1986). *Tri lidera velikoho indiiskoho naroda [Three leaders of the great Indian people]*. Moscow: Politizdat [in Russian].
- 9 Smail, S. (1998). *Ataturik: Tanyndyk omirbaian [Ataturk: an informative biography]*. Almaty: KAZakparat [in Kazakh].
- 10 Kubeev, M. (2013). *Sto velikikh monarkhov i pravitelei [One hundred great monarchs and rulers]*. Moscow: Veche [in Russian].
- 11 Kuttikadam, S. (2009). *Sluzhenie natsii: 10 mirovykh primerov upravleniia gosudarstvom [Serving the Nation: 10 world examples of government]*. Almaty: INES-TsA [in Russian].